

## Дефистің қойылуы

Жарнама мәтіндерінде дефис мына жағдайларда қойылады:

– күшейтпелі шырай үстейтін күшейткіш буыннан кейін дефис қойылады: *Мұнда бәрі сенің қалауыңдағыдай! Chevrolet tracker қып-қызыл жеңілдікке ие бол! Көктемді сыйлықтармен қарсы ал! Өзіңді сұп-сұлу сезін!*

**Ескерту.** *Ақ, көк* деген сын есімдерге күшейткіш буын үстелгенде, олар *аппақ, көкпеңбек* түрінде айтылады және осылай жазылады.

– реттік сан есім араб цифрымен берілсе, одан кейін келетін зат есімнің алдына дефис қойылады: *Хабарландыру! Б.Құлтекенов атындағы жабық бассейн 7 жастан 11 жасқа дейінгі жасөспірімдерді жүзу үйірмесіне қабылдайды. Қабылдау тегін. Мекенжайы: Дәуімбай елді мекені, Ұлы Жеңістің 50 жылдығы көш., 20-үй. Тел.: 2-12-68. 2023 жылдың 1-наурызында Сунақата ауылдық округінің «Береке» Шаруа қожалығының жер үлескерлерінің жиналысы өтеді. Өтетін орны: Сығанақ көшесі, 2-үй, қырман 2-де болатынын хабарлаймыз. Жиналысқа барлық жер үлескерлері қатысуын сұраймыз.*

Сондай-ақ сан есімнен кейін *-ыншы/інші* қосымшасы жалғанса да, арасына дефис қойылады: *«Қамқоршы» кредиттік серіктестігі ЖШС Басқармасының шешімімен белгіленген құрылтайшылардың кезекті жалпы жиналысын 2023 жылы наурыз айының 17-інші жұлдызы күні сағат 10.00-де мына мекенжайда өткізу туралы хабарлайды: Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Амангелді Иманов даңғылы №132-үй. («Қамқоршы» КС ЖШС ғимаратында) Е.Д.Еркишев, «Қамқоршы» КС-нің» ЖШС-нің Басқарма төрағасы*

**Ескерту.** Сан есім рим цифрларымен берілсе, дефис қойылмайды: *XX ғасыр, III сессия* т.б.

– сан есімнен кейін септік жалғаулары жалғанса, арасына дефис қойылады: *8 сәуір күні сағат 19:00-де Облыстық филармонияның залында .... мерекелік концерт өтеді.*

– екі сөзден тұратын ғылыми дәреже, атақтардың және қызмет дәрежесін немесе мамандықты көрсететін атаулардың арасына дефис қойылады: *премьер-министр, вице-президент, тілші-фонетист, редактор-математик, инженер-байытушы, әнші-композитор. Азаматтық құқықтық келісімшарт негізінде "Қазақстан" РТРК" АҚ Атырау облыстық филиалына ("Атырау" телеарнасына) веб-редактор, радио-редактор жүргізуші, орыстілді редактор жүргізуші мамандарды жұмысқа шақырамыз! Мекенжайымыз: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29. Тел.: 8 (7122) 95 68 22. Құрметті әнсүйер қауым! Сыр елінде әнші-композитор, ҚР еңбек сіңірген артисі Жеңіс Сейдollaұлының 60 жылдық мерейтойына арналған "Сен деп соққан жүрегім..." атты мерекелік концерті өттеді. Билеттерді кассадан ала аласыз.*

– машиналар мен олардың бөліктерінің және өзге де техникалық жүйелердің күрделі атаулары дефис арқылы жазылады. Олардың басым көпшілігі орыс тілінен енген сөздер болып келді: *дизель-мотор, стоп-кран, вакуум-аппарат, телефон-автомат. Дизель-мотор* майын ауыстыру, қызме көрсету, жөндеу. *Демалыссыз. Мекенжай: Алатау трассасы, Аспан сити тұрғын үй кешеніне қарама-қарсы.*

– тең мағыналы немесе қарама-қарсы мағыналы екі сөзден жасалған термин мәнді күрделі анықтауыштар дефис арқылы жазылады: *оқу-ағарту жұмысы, әкімшілік-басқару жұмыстары, халық-азаттық қозғалысы, салыстырмалы-тарихи әдіс, ғылыми-көпшілік әдебиет, үгіт-насихат жұмысы, орысша-қазақша сөздік, есеп беру-сайлау жиналысы. Құрметті үміткерлер! Сайлау күні үгіт-насихат өткізуге рұқсат берілмейді. Үгіт-насихат жұмысын жүргізуде арнайы ғимарат жалға алынып, келісімшартқа отыру, өз штабын құру қажет екенін хабарлаймыз!*

– орыс тілі орфографиясы бойынша қолданылатын жер-су және кейбір халық аттары дефиспен келсе, дефис қазақша жазуда да сақталады: *Орехово-Зуево, Соль-Илецк, Могилев-Подольск, Нью-Йорк, Рио-де-Жанейро, Лос-Анжелос, коми-зырян, угро-фин.* Орыс тілінде дефиспен жазылатын Қазақстан, Орта Азия жеріндегі топонимдер қазақша түрінде дефиссіз (кейде бөлек) жазылады: *Алматы* (орысша бұрынғы жазылуы *Алма-Ата*), *Ыстықкөл* (орысша - *Иссык-Куль*), *Қызылорда* (орысша *Кзыл-Орда*). *Құрметті Болашақ бағдарламасының стипендианттары! Республика күніне орай Нью-Йоркте ерекше шара өтті. 22-қазан күні Боулинг грин көшесінде Қазақстанның ұлттық туы салтанатты түрде көкке көтеріледі!*

– екінші сыңары біріншісін айқындайтын қосалқы мүшелі күрделі атаулар дефис арқылы таңбаланады: *зауыт-институт* (әрі институт ретінде қызмет ететін зауыт), *зауыт-филиал* (филиал болып саналатын зауыт), *кафе-бар* (бар типтес қызмет ететін кафе), *вагон-ресторан* (ресторанға арналған вагон), *гараж-тұрақ, диван-кереует. Апорт zeta диван-кереует 98 330 теңгеден бастап.*

– басқы әріп түрінде қысқарған сөзден кейін жалғанатын қосымшаның алдынан дефис қойылады: *АҚШ-тың* басты индексі, *0-ден бастап СММ-ге* үйреніп қана қоймай, *КТЛ-ге* апаратын 3 қадам.

**Ескерту.** Буын түрінде қысқарған сөздерден кейін келген қосымшның алдына дефис қойылмайды: *ұжымшарда* т.б.

– шетелдік компания немесе шетелдік тауар (өзге тілдің әріптерімен жазылған) атауларынан кейін қосымша жалғанғанда дефис қойылады: *ITALIANO VERO-ға* келіңіз! *Италияның дәмін татып көріңіз! KARI-да 1 ЖҰП ТЕГІН.* *Науқан туралы толығырақ Kari дүкенінің қызметкерлерінен сұраңыз. Direct-ке жаз! REELS -мің, SCHOOL-ге, Қазақстандық өнімді Qazaq Soul-мен бірге дамытайық! әрі қарай Wildberries-те сауда жасау,*

*Prosklad-nen* сенің бизнесің тиімді, *stories-mi* трендтегі стикерлермен безендіруді ұсынамын.

– шет тілінен енген сөздермен қосарланған атаулар дефис арқылы жазылады: *tok-шоу, pop-музыка, MP4-плеер, USB-тасымалдаушы, SD-карта, VIP-бөлме*. Мемлекеттік техникалық университеттің жатақханасында шетелдік оқытушыларға арналған жиырмаға жуық *VIP-нөмірлі бөлмелер* ашылғанын қуана хабарлаймыз.

– ұзындық, салмақ т.б. өлшемдер қысқартылып берілген кезде шартты белгілерден кейін жалғанатын қосымшаның алдына дефис қойылады: *см-дей, кг-дан* т.б.

– сөз жолға симай қалған кезде тасымалдау үшін дефис қойылады.

– жалғау бір сөздің қайталануынан жасалған қос сөздердің кейде бірінші сыңарына, кейде екінші сыңарына жалғанып айтылады. Екі вариантында да араларына дефис қойылады: *бір-бірімен, бірімен-бірі, бір-бірінен, бірінен-бірі, бір-біріне, біріне-бірі, бір-бірін, бірін-бірі, өз-өзінен, өзінен-өзі, өз-өзімен, өзімен-өзі, өз-өзін, өзін-өзі*. ***Бір-біріне*** сыйлық беріп ақша жарататын кез!

– екі сыңары да мағыналы қос сөздер дефис арқылы жазылады. Олар көбінесе жинақтау мәнін білдіреді: *ата-ана, мал-жан, құрт-құмырсқа, ыдыс-аяқ, ұрыс-қағыс, ат-арба, жаздым-жаңылдым, тапқан-таянған, билеп-төстеп, сылап-сипап, төрт-бес, он-он бес, отыз-қырық*. -25 % баға: 579Т 30.06-13.07 "Qualita" ыдыс-аяққа арналған губкалары profile 5 дн. ***туған-туыс*** проблемасы сіздің энергияңызды алады, алу-беру балансын сақтаймыз.

– экс, веб сияқты сөзалды сыңарларымен келген сөздер дефис арқылы жазылады: ***арт-кафе, веб-камера*** т.б.

### Дефис қойылмайтын орындар:

– жыл, ай аттарынан кейін реттік санды білдіруде дефис қойылмайды: ***2024 жылы, 10 маусымда, 2022 жылы, 23 мамырда, 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығының әдістемелік нұсқау хаты***. ОЯН, ҚАЗАҚ МАТЕМАТИКТЕРІ! Еліміздегі барлық математиктердің назарына, біздің "тахитит" курсынан ***30 қазан мен 5 қараша*** аралығында "ОЯН, ҚАЗАҚ МАТЕМАТИКТЕРІ" атты апталығымыздың басталатындығын хабарлаймыз.

– жарнама мәтінінде жиі қолданылатын кез келген сөзі дефиссіз жазылады: ***SMM маманы дегеніміз кім? Кез келген жобада контентке жауап беретін адамды SMM-маманы дейміз. Яғни, контентте не болуы керек? Ең бірінші, дұрыс упаковка мақсатқа байланысты. Жеке бренд дұрыс ашылуы керек, эксперттік қабілеттер үнемі трансляция жасалуы керек, дұрыс триггерлер, инструменттер қолдана алатын адам. Ал егер аккаунттыңды***

дұрыс упаковка жасап, сатылымға, жарнамаға дайындағың келсе, коментарийге "упаковка" деп жаз.

– нөмірмен берілген реттік сан есімдерден кейін дефис қойылмайды: **№2** үйде тұрады, **№ 4** бұйрығының әдістемелік нұсқау. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы **№ 4** бұйрығының әдістемелік нұсқау хатында, мектеп өз бетінше 3-тоқсанға дейін оқу бағдарламасын құрастыра алатындығы жазылған.

– заттарды, бұйымдарды есептеуді білдіретін сан есімдерден кейін дефис қойылмайды: Таза әрлеудегі **3 бөлмелі** пәтер. Барлық пәтерлер таза әрлеуде беріледі, яғни тұрғындар сантехника мен ас үй жиһазымен жабдықталған тұрғын үй алады. Жиһазыңды орналастыр да, өміріңнің жаңа тарауын баста. Rams Signature – бұл бизнес кластағы тұрғын үй кешені. Кешен өзгермелі тенденциялар мен жаңашыл адамдардан шабыт алды. Бұл қалағаныңды іске асыратын орын. Батыл шешімдер ғимараттың типтік формасын өзгерту арқылы қозғалыс еркіндігін сыйлайды, архитектуралық эстетикаға жауап береді. Ешқандай шектеусіз, сіздің стиліңізге сәйкес келеді». Қалай рилс пен тик-токты ең оңай жолмен үйренуге болады? Оның **1 ғана** шешімі бар. Менің Рилс курсыма келу. Неге дәл менің курсымды таңдау керек? Мен саған **4 фактпен** дәлелдеп беремін.